

БОЛАШАҚҚА бастар нық қадам

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Тарихтың түрлі сынақтарын өткізген қазақ елінің тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл толып отыр. Осындай аз ғана уақыт аралығында еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Талай дүбірлі додалар мен байқаулардың шыңын бағындырып, тұғырынан бой көрсетті. Саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени салалардың барлығында дерлік тың идеялар мен жаңалықтар болды. Тәуелсіздік алған тұста жас мемлекетіміздің қарқынды дамуы үшін жыл сайын халыққа үндеу жариялап нақты бағыт-бағдар көрсетіп отырғаны баршаға аян. Соның бірі, соңғы жылдары ел дамуына ерекше серпіліс берген - «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы.

Ел болашағының тұтқасы бүгінгі өскелең ұрпақ жастарымыздың қолында екендігін ескерсек, олардың білімді, саналы және бәсекеге қабілетті бола алатындығын назардан тыс қалдырмау керек. Жалпы рухани жаңғыру дегеніміз – адамның өсіп, дамып, кемелденуінің бір көрінісі. Ал адам баласының кемелденуі білімді, саналы, қабілетті болуы арқылы бағаланса керек. ХХІ ғасыр білектінің күш сынасар емес, білімдінің ақыл мен парасатты көрсетер заман екендігі белгілі. Қазіргі таңда табысты болудың кілті білімде.

Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» деп бекер айтпаса керек. Қазақ ел болып қалыптасу жолында көптеген қиындықтар, түрлі зұлмат жылдарды бастан өт-

керді. Бүгінгі тәуелсіз елде таң атырған жастар тарихтың дүрбелеңін естен шығармауы керек. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Себебі, әлемде салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, салт-санасы, мол мұрасы өте жоғары қазақ сынды халық өте аз.

«Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, туған жерге, оның мәдениеті мен салт – дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шыннайы патриотизмнің маңызды

көріністерінің бірі. Өз елін, туған жерін сүйе білу, оны қадірлеу де азаматтықтың ең үлкен белгісі десек те болады.

Қорытындылай келгенде, қашанда саналы, білімді, бәсекеге қабілетті болу және жан-жақтылықты ұлттық құндылықтарымызбен ұштастыра алу бағдарлама аясында ғана емес, үнемі жүзеге асып отыруы керек. Ең бастысы, бағытымыз айқын, бағдарымыз анық. Біздің міндет тек нық қадамдар жасай білу.

**Бекзатхан КУЛТАСОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті
«Су ресурстары, жерді
пайдалану және
агротехника»
кафедрасының
аға оқытушысы
PhD докторы**